

**Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының "Күйгенжар"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 ақпандағы N 178 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының "Күйгенжар" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Күйгенжар" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының мемлекеттік резиденциялары мен басқа да объектілері үшін жоғары сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғамның жарғылық капиталын 2004 жылға арналған республикалық бюджет қаражаты есебінен 274798000 (екі жүз жетпіс төрт миллион жеті жүз тоқсан сегіз мың) теңге мөлшерінде қалыптастыруды қамтамасыз етсін;

2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғысын бекітуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының оған Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалануға беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

6. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгеріс бекітілсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 16 ақпандағы

N 178 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін толықтырулар мен өзгеріс**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы N 1455 қаулысында : көрсетілген қаулыға 2-қосымша мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын: "Күйгенжар" АҚ".

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-54-жолмен толықтырылсын:

"21-54. "Күйгенжар" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :
көрсеткен қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 238-7-жолмен толықтырылсын:

"238-7. "Күйгенжар" АҚ".

4. "Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1212 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымшада:
реттік нөмірі 5-жол алынып тасталсын.